

ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Аялаймын сені, Қызылорда!



Ақмешіт

23 қазан
жексенбі
№84 (1888)
2022 жыл



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

БАБАЛАР АРМАНЫ АҚИҚАТҚА АЙНАЛҒАН ШАҚ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев
Республика күніне орай Ақордада бір топ азаматқа мемлекеттік
наградлар мен мемлекеттік сыйлықтар тапсырды.

Президент ең алдымен, салтанатты шараға жиналған қауымды Республика күнімен құттықтады. – Бұл – қазақтың сан ғасырлық мемлекеттік дәстүрі жаңғырған күні. Бұл – бостандық үшін күрескен бабалар арманы ақиқатқа айналған күні. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл құжат Тәуелсіздігіміздің саяси-құқықтық негізін қалыптастырды. Бір сөзбен айтсақ, Декларация – еліміздің Тәуелсіздік алуына жол ашқан ақсөз құжат, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, егемендікке бастайтын қасиетті жолды халқымыз ұзақ жылдар бойы жүріп өтті. Ел ағалары мен зиялылар ұлттың санасын сақтау үшін қолынан келгенін бәрін жасады. Ұлтымыздың азаттыққа деген ұмтылысы Желтоқсан оқиғасында айқын көрінді. Егемендік декларациясын халқымыздың жан-жақты және ұзақ жылғы күресінің нәтижесі деуге болады.

– Мен Ұлытауда өткен алқалы жиында Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсындым. Оны Қазақстанның басты мейрамы ретінде атап өту туралы бастама көтердім. Бұл бастама халықтың кен қолдауына ие болып, тиісті заңға өзгеріс енгізілді. Биылдан бастап Республика күні – ұлттық мереке. Енді бұл мейрамды күллі ел болып жаңа мазмұнда атап

өтетін боламыз. Қайта жаңғырған Республика күні – бұл халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайта түсетін аса маңызды тарихи қадам, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев «республика» сөзі латын тілінен аударғанда «ортақ іс» деген мағына беретінін атап өтіп, республика өз ісіне жауапты азаматтардың ортақ іс-әрекетінің арқасында құрылатынына тоқталды.

– Азаматтар – мемлекеттің арқауы. Азаматтары болмаса, мемлекет те болмайды. Қуатты және қарқынды даму жолына түскен мемлекет азаматтардың құқықтарына және олардың еркіндігіне мызғымас кепіл болады. Халқы жасампаз, отаншыл және еңбеккер ел ғана толағай табысқа жетері анық. Сондықтан біздің осы жолдағы бағдарымыз – баршаға айқын. «Адам мемлекет үшін емес, мемлекеттің игілігі адам үшін» қағидасы басты ұстанымға айналды, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, мемлекет құру тәжірибесі, тарих сыны мен заман талабы шынайы символдарды айқындап береді.

– Біздің паспорт бүкіл әлемде құрметтеледі, оған ешқандай кедергі жоқ. Қазақстан азаматтары шет мемлекеттердің визасын алып, шекараларды кесіп өтеді, қызметтік және жеке мақсатта шетелге еркін шығады. Бұл – біздің этносаралық толеранттылық пен достықты



нығайту жөніндегі саясатымыздың, сондай-ақ халықаралық қауіпсіздік пен ынтымақтастықты қамтамасыз етуге бағытталған дәйекті бағдарымыздың нәтижесі, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент еліміздің барша азаматтарын біріктіріп, ортақ іске жұмылдыратын тағы бір символы мемлекеттік ту екенін атап өтті.

– Әрбір азаматымыз кәсіпкерлі Отанымызға деген сүйіспеншілігін мемлекеттің рәміздерге құрметі арқылы көрсете алады. Қазір байрағымызды қоғамдық жерлерде және жекеменшік орындарда қоюға еш тыйым жоқ. Біз домбыраға әр қазақтың төрінен орын бар дейміз. Бұл – дұрыс. Сол сияқты еліміздің әр отбасында көк байрағымыз тұрса, өте жарасымды болатыны сөзсіз. Біздің туымызда халқымыздың бүкіл рухы көрініс тапқан, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқын ұйыстыратын тағы бір құндылық – мемлекеттік тіл екенін айтып, қазақ тілінің мәңгілік мемлекеттік тіл тұғырында болатынын жеткізді.

– Қазақ тілінің қолданыс аясын арттыра беру – мемлекеттің міндеті. Бұл жұмыс еш тоқтамайды, жалғаса беріледі. Жақында мен «Өз тілің – бірлік үшін, өзге тілдер – тірлік үшін» деп айттым. Жастарымыз көп тіл білген сайын бәсекеге қабілетті, білікті маман болады. Тіл, ұлтаралық қатынас – ішкі тұрақтылыққа ықпал ететін өзара тығыз әрі маңызды факторлар.

Отанымы – Қазақстанның



Аулы атыңды ардақтан өтемін,
Алысқа аттансам,
Құстай ұшып, қайта жетемін!
Жолыңа жаным құрбан қайда жүрсем де,
Сен аман бол,
Сен аман бол,
Атамекенім!

Киелі туыңды көзінде ұстадың,
Алдыңа әрқашан Басын иіп келсін дұшпаның!
Бақ қонған бірлік берсін байтақ еліңе,
Сен аман бол,
Сен аман бол,
Қазақстанның!

Ұласқан ұрпаққа дәстүрі атаның –
Мұраты мәңгілік Кеше-бүгін берген батаның!
Нұр жаусын болашаққа тартқан көшіңе,
Сен аман бол,
Сен аман бол,
Туған Отаным!

Несіпбек АЙТУЛЫ,
ақын, Қазақстан
Жазушылар одағының мүшесі

САЛТАНАТ

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ БАСТАҒАН КҮН

Кеше облыс орталығындағы Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында ұлттық мереке – Республика күніне арналған салтанатты жиын өтті. Мемлекеттік шараға жұртшылық көптеп жиылған, тіпті театрдың үлкен залында ише нашар орын болмады.

Ұлттық мерекеге арналған жиын алдымен сахна төріне Мемлекеттік Туды салтанатты саппен алып шығудан басталды. Содан соң еліміздің Әнұраны шыркылып, көпшілік гимнді қосыла орындады. Салтанатта сөз сөйлеген облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр халқын Республика күнімен құттықтап, ұлттық мерекенің мән-маңызына тоқталды.

– 1990 жылы қазан айының 25-і күні Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Бұл Декларация Тәуелсіздіктің алғашқы баспалдағы болды. Ұлттық мәні бар бұл құжаттың Кеңес одағынан түпкілікті қол үзбеген сәтте қабылдануы азаттығымызға ұмтылған батыл қадам еді. Іс жүзінде, осы актімен әлем картасына жаңа мемлекет – болашақ тәуелсіз Қазақстан Республикасының негізі салынды. Сол сәттен бастап Егемен Қазақстан өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде таныла бастады. Қазақстан қоғамдық-саяси құрылысты өзгертуге өз бетінше кірісіп, нарықтық экономикаға негізделген демократиялық қоғам құруға бағыт алды. Қазақстанның егемендігі және территориясының тұтастығы саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан дәйектелді. Конституциялық құ-



рылысқа қарсы жасалатын кез келген күштеу әрекеттері, оның аумағында тұтастығын бұзбауға шақырып, ұлт араздығын қоздыратын жария-ұрандардың заң бойынша жазаланатыны ескертілді. Құжатта саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді дербес шешу принципі жарияланды. Ұлттық-мәдени, әкімшілік-аумақтық құрылымына байланысты мәселелер ешкімнің араласуынсыз дербес шешілетіні анықталды, – деген облыс басшысы аймақта атқарылып жатқан жұмыстарды тілге тиек етті.

Айта кетейік, Қызылорда автобус паркіне «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы лизингке 150 автобус алуға 1 млрд 430 млн теңге қаржы бөлінген еді. Соның аясында өткен айда 21 жаңа автобус алына, тағы жаңа 40 қоғамдық көлік табысталды. Қалған көліктер қарашада жеткізіледі. Бұдан бөлек оқушыларды тасымалдау үшін мектептерге жаңа 30 автобус табысталамын. Сонымен бірге Жалағаш ауданында 200 орындық оқушылар үйі мен 50 орындық

тенгеге қазіргі терминалға жөндеу жүргізіліп, әуежай алаңы жаңартылды. «Қазгермұнай» ұлттық компаниясы басылығымен келісім нәтижесінде Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайының» жобасы басталады. Жалпы 5-6 айдың ішінде тек жергілікті кәсіпкерлер 9 млрд теңгеге қолдау көрсетіп, ауқымды жобалардың жүзеге асуына дәнекер болды.

– Біз шетелдік компаниялармен ынтымақтастықты арттырамыз. Жақында ғана түркиялық беделді «Акса энерджи» компаниясымен бірге қала аумағын жылу және электрмен толық қамтамасыз ететін қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жылу электр орталығының іргетасын қаладық. Құны 215 млрд теңгеден асатын жоба 2025 жылы аяқталады. Ел ағаларымен бірге тамыз айында құны 1,6 млрд теңгені құрайтын «Неке сарайының», 3,7 млрд теңгеге 1000 орындық «Өнер» орталығының, сол жағалауда 2,7 млрд теңгеге Қан орталығының іргетасын қаладық. 2023-25 жылдарға арналған мемлекетіміздің бюджетінде ауысымына 100 келушіге арналған емханасы, онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысын бастауға қаржы қаралды. Күндіз-түні жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 9 қазаннан бастап шыны зауытында өнім шығарыла бастады, – деді облыс әкімі.

Салтанатты жиында мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін бірқатар азаматқа Президент жарлығына сәйкес мемлекеттік награда табысталды.

Мемлекеттік шара ойыс өнерпаздары әзірлеген концерттік бағдарламамен аяқталды. Әзіз ЖҰМАДІЛДӨУЛЫ



ЖАНДАНҒАН МЕРЕКЕДЕ ЖАҢАРҒАН ҚЫЗЫЛОРДА

Биыл Сыр өңірінде нәтижелі жобалар жетерлік. Қала тұрғындарының сұранысын қанағаттандыру мен түйткілді мәселені шешу үшін шаһарға жаңа қоғамдық көліктер келуде. Одан бөлек «Балалар жылына» орай ойын алаңдары да көптеп салынууда. Сонымен қатар әлеуметтік, қоғамдық нысандар да көптеп бой көтеруде. Міне, осындай бірқатар нысандардың ашылу салтанаты Республика күніне орай облыс орталығы мен барлық ауданда өтті.

КОНФЕРЕНЦИЯ

ТАРИХТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде Республика күні – ұлттық мерекеге орай «Егемендік декларациясы: Тәуелсіздік бастауы» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияға облыс әкімінің орынбасары Нұрмбет Сақтаганов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбітқұл Қаримова, жетекші отандық және шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтардың белгілі ғалымдары, білім алушылар, қоғамдық ұйымдар мен БАҚ өкілдері қатысты.



САЛТАНАТ

4 БЕТТЕ

СҰХБАТ

БАБАЛАР АРМАНЫ АҚИҚАТҚА АЙНАЛҒАН ШАҚ

Сондықтан мұндай маңызды мәселелерден саяси құрал жасауға болмайды. Осындай қоғамдық тұрғыдан сезімтал мәселелерді саясиландырудың кесірінен кейбір елдер қасіретті жағдайға ұшырады. Бұл – біздің жол емес, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Республика күні басты ұлттық мереке ретінде, шын мәнінде, жалпыхалықтық мейрамға айналуда тиіс. Азаматтар Республика күні идеясын зор қуанышпен қабылдады. Президент әр өңірде салтанатты мерекелік шаралар, ғылыми конференциялар, шығармашылық байқаулар, спорт жарыстары, патриоттық, волонтерлік және қайырымдылық акциялары ұйымдастырылып жатқанын атап өтіп, бізге Республика күнінің мән-маңызын барынша айшықтайтын жалпыұлттық бастамалар керек екенін айтты.

– Мақсатымыз – Әділетті Қазақстанды құру. Қазір біз осы күрделі жолдың басында тұрмыз. Мен үшін халықтың және мемлекеттің мүддесі бәрінен биік. Сол себепті мен осы стратегиялық бағытты еліміздің басты бағдары ретінде жариялаймын. Бұл жолдағы барлық жауапкершілік жүгін арқаулауға дайынмын, – деді Мемлекет басшысы.

экономикалық саясат азаматтардың өз қарым-қабілетін іске асыруға, отандастарымыздың тұрмыс сапасының ұдайы жақсаруына мол мүмкіндіктер мен тең жағдай жасауға бағытталатынын айтты. Сондай-ақ сот жүйесі мен құқық қорғау саласындағы реформалар жалғасалы, заң мен тәртіп азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттырудың негізгі факторына айналады.

– Адамдар – біздің басты байлығымыз, экономикалық және қоғамдық дамудың басты қозғаушы күші. Сондықтан біз адам әлеуетін арттыруға бағытталған стратегиялық инвестицияны ұлғайтатын, жастарымыз бен әлеуметтік әлсіз санаттағы азаматтарымызды жан-жақты қолдаймыз. Түптеп келгенде, біз бүкіл құндылықтар жүйесін қайта қарап, ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөзінің соңында елдің дамуына елеулі еңбек сіңірген бірқатар азаматты жоғары мемлекеттік награлармен марапаттады. Сондай-ақ руханият саласына зор үлес қосқан шығармашылық өкілдеріне Абай атындағы әдебиет және өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлықты тапсырды.

Ақорда төрінде марапатталғандар қатарында елге белгілі кәсіпкер, меценат Дүйсенбаев Марат Базарбайұлы, Қызылордадағы М.Дүйсенов атындағы лицей мұғалімі Жәмшішев Балтабай Көшкешұлы және 8-ші қабаттан құлағалы тұрған 3 жасар бұддіршінді құтқарған Сәбит Шонтақбаевтай жерлестеріміз бар екенін мақтанышымен жеткізіміз.

25 қазан ұлттық мереке – Республика күні. Бұл бүгін пайда болған мереке емес екені алаш жұртына аян. 1990 жылы егемендік декларациясы қабылданған дәл осы күн 1995 жылдан бастап Республика күні болып белгіленді. Алайда 2009 жылы тиісті заңға өзгеріс еніп, республика күні мерекелер тізімінен алынып қалған еді. Жуырда «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, бұл күнге республика күні – ұлттық мереке мәртебесі қайта берілді.



Бұл күннің қазақ елі тарихында мәні зор. Мереке қарсаңында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Тарих» кафедрасының аға оқытушысы, саяси ғылымдарының кандидаты Шырын Тұхмаровамен әңгімелескен едік.

Басы 1-бетте

САУАЛНАМА

Биылдан бастап елімізде 25 қазан – Республика күні ұлттық мерекеге айналды. Тәуелсіздіктің алғашқы баспадағы, егемендіктің бастауы болған бұл мерекені қайта енгізудің маңыздылығы қандай? Осы жөнінде сауалнама жүргізген едік.

- 1. Республика күні жайлы не білесіз?
2. 25 қазан – Ұлттық мереке. Сіз үшін бұл күннің маңыздылығы неде?
3. Жастардың бойында патриоттық сезімді қалай нығайтамыз?

РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ

Ұлбосын ЖҰМАБЕКОВА, Ә.Құдабаев атындағы №197 мектептің көркем өнер пәнінің мұғалімі.

1. 1990 жылдың 25 қазаны күні Қазақ Кеңестік Социалистік республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Декларацияда Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері жарияланды. Содан бері алаш рет Республика күні мемлекеттік мереке болып 1995 жылы жарияланды. Студент кезімізде 25 қазан – Республика күні ретінде жоғары дәрежеде тойланатын. Орталық алаңда түрлі іс-шаралар өткізіліп, белсенді студенттер қатысатынбыз. Он жылдан астам уақыт бойы ұмыт болған Республика күні қайта оралды. Бұл айтулы мерекенің елдің өсуі мен дамуына септігі зор.



2. Президенттің 25 қазан – Республика күнін ұлттық мереке ретінде қайтарғанына өте қуаныштымын. Бұл күн Қазақстанда тұратын барша азаматтар үшін маңызды. Өйткені бұл күн егемендіктің бастауы. Сондықтан бұл күнді ұлттық мереке ретінде бекіту – жана Қазақстанның дамуына басты маңызды қадам деп есептеймін. Болашақта Ұлттық мереке тәуелсіздікті насихаттауға және нығайтуға ықпал етеді.

3. Жастардың бойындағы патриоттық сезімді ояту үшін оларға бұл күннің қандай маңыздылығын, егемендігіміздің оңайлықпен келмегенін, осы күнге жету жолында құрбан болған батырлардың ерлігін айту керек. Сонымен қатар тілімізді құрметпен, өз елімізде өз тілімізде сөйлеуді насихаттауымыз керек.

«Республика күнін» атап өту шаралары білім беру ұйымдарында басталып кетті. Өзім еңбек ететін Ә.Құдабаев атындағы №197 мектепте оқушылар арасында «Менің Қазақстаным» атты сурет байқаулары, «Мен – өз елімнің патриотымын» атты ән байқаулары өткізілуде. Сонымен қатар жоғары сынып оқушыларымен де тәрбиелік маңызы бар іс-шаралар жоспарға сай өткізіліп жатыр. Мұның бәрі жастарды Отанды сүю арқылы бақытқа бастар даңғыл жолы деп ойлаймын. Қазақстанның кез келген азаматы отансүйгіштік, патриоттық рухта тәрбиеленудің орны бұрын да ерекше болған. Бүгінгі күнде маңызды жойған емес. Кез келген елдің дамуы азаматтар қатарының көбеюімен де байланысты. Себебі болашақ – қазақ жастарының қолында. Ал осы жолда тайсалмай, ерінбей еңбек ететін болсақ, өз үлесімізді қосарымыз анық.

Аяғөз АЙДАРХАНҚЫЗЫ, 3 қалалық емхана бас дәрігерінің пациенттерді қолдау және ішкі сапаны бақылау жөніндегі орынбасары.

1. Республика күні – еліміздің тәуелсіздік жариялауына негіз болған айтулы күн. 1990 жылы дәл осы күні Қазақ елі декларация жариялап, мемлекеттің тәуелсіздігін айқындады. Қазақстан егемен ел ретінде толық қалыптасып қана қоймай, зор жетістіктерге қол жеткізді. Дегенмен соңғы жылдары бұл күн мереке ретінде тойланып жатпайды.



Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайдан соң Республика күні Ұлттық мереке ретінде атап өтілетін болды. Бұл ретте Республика күні мен Тәуелсіздік күні түрлі мағыналық мазмұндағы мерекелер мен шығу тарихы жағынан өте маңызды мейрам екенін атап өткен жөн. Бұл күн мемлекетіміздің қалыптасу тарихы ұлықталатын, өткеннің өнегесін өскелең ұрпаққа насихаттайтын күн болмақ. Сондықтан да осы күннің маңызын жастарға ұғындыра білу аға ұрпақтың міндеті болмақ.

2. Ұлттық мереке бізге егемендік пен тәуелсіздіктің оңай жолмен келмегенін, тарих көшіндегі ата-бабамыздың арман-ансарының толық жүзеге асқанын еске салатын күн болып қаламақ. Ерен ерлікпен келген мемлекетіміздің дамуына өз үлесімізді қосуымыз қажет. Бұл күннің кең көлемде тойлануы Отанға, елге деген сүйіспеншілікті оятуға қажет. Сондықтан да патриоттық шаралар ұйымдастырылған жөн. Республика күні деген атының өзі айқындап тұр. Бұл мерекенің маңызы екенін түсіне білуіміз керек. Қазақтығымызды айқындайтын ұлттық мереке ретінде тойлануы бізді шын қуантады.

3. Қазіргі уақытта көбінесе біз үлкен кісілерден «Біз жас кезімізде патриот едік, намысшыл едік, бүгінгі жастар өзгерген» деген сөздерді естіп қаламыз. Сондықтан жас буынның елге, Отанға деген құрметін ояту қажет. Ел басына күн туғанда туған жерді, елді қорғайтын өздері екенін түсіну керек. Отанды жақсы көру қажет. Еліне қорған болар азаматты тәрбиелеу – біздің міндетіміз. Ол үшін ең бірінші ар-намысты болуды үйрену керек. Намысы бар адамның бойында ерлік, батылдық пайда болады. Қазақ тіліне деген құрметтері оянуы үшін, қазақ тілінде сөйлеп үйрену де маңызды. Тілін сыйламаған адам, ұлтын сыйлайды. Елге, Отанға деген құрмет қазақ тілінде деген құрметтен басталады деп ойлаймын. Мағжан Жұмабаевтың «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, мен жастарға сенемін» деген сөзінде үлкен мән жатыр. Қазақ жастары Республика күнін ұлттық мереке ретінде тойлап қана қоймай, ерлікпен құрылған мемлекетті қорғауға дайын болуы ең маңызды мәселе. Яғни осындай айтулы күндер жастардың туған елге деген сүйіспеншілігін арттыра түседі деп сенеміз. Елдің ертеңгі іргесі берік болу үшін бүгінгі жастар сапалы білім алып, білікті мамандар қатарын толықтыруы қажет.

Нұрсұлу АЖАРОВА, жеке кәсіпкер.

1. Мемлекет басшысы «Республика күнін қайтару – өткен тарихымызға құрмет. Мемлекет іргесін қалаған маңызды қадамның символы» деп атап айтты. Сондықтан да бұл күнді ұлттық мереке ретінде кең көлемде атап өтудің маңызы зор. Республика күнін тойлау – әрбір жас ұрпаққа ұлттық рух, ұлтты насихаттауға серпін береді. Себебі бір күн бойы Отанымыз жайында айтылып, ақпараттар беріледі. Соны көріп өскен баланың елге деген құрметі артады. Елімізде тұратын әрбір азамат мемлекеттің дамуына үлес қосуға міндетті. Қазіргі уақытта кәсіпкерлерге мол мүмкіндік жасалады. Біз де кәсібімізді кеңейте отырып, ауылдың, ауданның дамуына үлес қосқымыз келеді.

2. Бұл күн ел тарихында ерекше маңызға ие болуы тиіс. Мемлекеттік деңгейде тойланып, елімізде тұратын барша ұлт пен ұлысқа керемет көңіл-күй сыйлауы қажет. Егемендік денгейде тойланып, еліміздің басты мерекесі ретінде атап өту жастарға патриоттық сезім сыйлайды. Сондықтан да Республика күнін қайтару – үлкен жетістігіміз деп білемін. Егеменді еліміздің туы тұғырына қонған ұлттық мерекесі құтты болсын. Бұл күн ақпараттық түрде кеңінен насихатталса әрбір адамның жүрегінде Отанға деген ерекше сезім ұялайды. Ұлттық мерекеге де, елімізге де әрбір ұрпақтың құрметі арта түссе екен деп тілеймін.

3. Егемен елдің бүгінгі ұрпақтарын ата-бабаларымыздың салт дәстүрімен сабақтастыра отырып, тәрбиелеу – ең өзекті мәселенің бірі. Тәрбие дұрыс болған кезде ғана Отанға, елге деген құрмет арта түседі. Жастар еңбек етуді үйрену қажет. Жұмыссыз жүретін жастар көп. Соларды түрлі кәсіп ашуға, табыс табуға үйрету арқылы мемлекетке деген сенімін арттыруға болады. Қазіргі уақытта «мемлекет ештеңе жасап жатқан жоқ» деп, бәрін өзгеге ысырып, дым істемей жүретіндер көбейген. Аталар-әжелер мектебін көбейту қажет. Ұлттық өнерді насихаттау арқылы ұлтқа деген сезімді күшейтеуі болады. Ұлттық құндылықты арттыру – ең маңызды мәселе. Отансүйгіштік, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, ана тілін қалыптау сияқты сезімдерді жастар бойында қалыптастыру – аға буынның міндеті. Яғни барлығы да дұрыс тәрбиемен тығыз байланысты.

Еркін ШАМШАДИН, облыстық «Ақмешіт жастары» газеті бас редакторының орынбасары.

1. Алдымен аталған мереке бүгін пайда болмағанын айта кеткен дұрыс. Олай дейтіндік, алғаш рет Республика күні мемлекеттік мереке болып 1995 жылы қазанда жарияланған болатын. Бұл жарлыққа сол кездегі мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қол қойған. Оған қоса мерейлі мерекені 25 қазан күніне жоспарлауы да тегін емес. Себебі 1990 жылдың 25 қазанында Қазақ КСР-нің егемендігі туралы декларация қабылданып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері нақтыланған еді.

Ал 2009 жылы аталған заңға өзгеріс еніп, 30 тамыз – Конституция күні ұлттық мереке болып жария етілсе, Республика күні мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталды. Міне, осылайша 13 жылдан кейін айтулы дата қайта оралып, өзіндік маңызға ие болуда.

2. Республика күніне дәлме-дәл баға беру, маңызын тану үшін Тәуелсіздік мерекесін де айта кету қажет. Себебі бұл екі мерекенің статусы, символикалық мәні жуықтас, бір-бірін айқындай түседі. Тәуелсіздік мерекесінде халықтың өткені, егемендік жолындағы күресіне назар аударылса, Республика күнінде мемлекеттің бүгінгі мен болашағына басымдық беріледі. Атап өту үрдісін айқындауда осы ұстаным үлкен рөл атқармақ. Алғашқысында тарихи зерртеулер, жалпыұлттық және өңірлік азаттық күресстерін дәріптейтін шаралар қолға алынса, соңғысында замануи жетістік пен ел дамуына түрткі болатын жобалар жүзеге асырылады. Сондықтан бұл, Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін беру – ең маңыздысы бүгін мен болашақ екеніне ишара.

3. Өрине, жастардың патриоттық әлеуетін көтеру төңірегінде кеңес беру орынсыз. Себебі бұл аяулы сезім индивидтік ерекшелік пен өскен орта, социумның насихатына сай құбылады. Алайда «бүгінгі жастың ұғымындағы отансүйгіштік қандай?» деген пікірді қаулап көрейін. Мүмкін, сіз күткен жауапқа жарап қалар.

Қызығы, бүгінгі жастардың отансүйгіштік деңгейі қоғамның мемлекетке, локальді жүйеге деген сенім ортестігімен өлшенуде. Қарапайым тілмен айтқанда, халық басқарушы биліктің саяси-экономикалық шешіміне разы болса, жастардың да көңіл тоқ. Демек, бұқараның кез келген әлеуметтік мәселесін шешу – жастардың отансүйгіштік динамикасына оң әсер етеді деген сөз.

Дайындаған: Айтолқын АЙТЖАНОВА

ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ ІРГЕСІН ҚАЛАҒАН КҮН

– Биылдан бастап 25 қазан – Республика күні ұлттық мереке болып белгіленді. 13 жылдан кейін мәртебесі қайта оралған мерекенің маңызы туралы айтсақ...

– Бұл құжат қазақ еліне саяси-тарихи маңызы бар өзгеріс алып келді. 1990 жылдың 25-інші қазаны Қаз КСР-нің егемендігі туралы декларациясы қабылданды. Құжат қабылданған күннен бастап ел өмірінде үлкен өзгеріс басталды. Бұл декларацияда ел аумағының тұтастығы, оған қол сұғылмайтындығы, қазақ халқының және Қазақстандағы басқа да этнос өкілдерінің мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі ретінде айтылды.

Конституциялық құрылысқа қарсы жасалатын кез келген күштеу әрекеттері, оның аумағының тұтастығын бұзуға шақыратын, ұлт араздығын тудыратын жария ұрандардың заң бойынша жазаланатынын ескертті. Республиканың саяси-экономикалық, әлеуметтік, ұлттық-мәдени құрылысына, оның әкімшілік-аумақтық құрылысына байланысты ешкімнің араласуысыз дербес шешілетіні де осы құжатқа көрсетілді. Декларациядағы бағдарлама негізінде 1991 жылғы 16 желтоқсанда елімізде мемлекеттің тәуелсіздігі туралы конституциялық заң қабылданды. Бұл декларацияда Қазақстан мемлекетінің егемендігін дәлелдейтін мемлекет аумағы, азаматтығы, халықаралық қатынастардағы дербестігі бекітілді. Бір сөзбен айтқанда, декларацияның қабылдануы елге жаңалық алып келді. Еліміздің қоғамдық-саяси құрылымына өзгерістер енді. Әлем картасында тәуелсіз Қазақстан Республикасы ретінде дүниежүзіне танылуы алғашқы қадам жасалды. Бүгінде әлем таныған тәуелсіз қазақ елінің кең байтақ жерінде 130-дан астам ұлт тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Республика күні 2009 жылға дейін күнтізбеде мереке ретінде белгіленіп, тарихи маңызы бар күн ретінде ерекше аталып келді. Кейін мерекелер қатарынан алынып тасталды. Осы орайда мереке қатарынан неге алып тасталды деген сұрақ туындайтын заңды. Ғалымдардың, сарапшылардың пікірінше, егемендік туралы декларацияда Қазақстанның емес, Қазақ КСР-нің егемендігі жарияланған. Декларацияға сәйкес, адамдарда КСРО азаматтығын сақтап қалу құқығы болды. Сонымен қатар Қазақстанның халықаралық дербестігіне кепілдік бере алмады. Мемлекет КСРО-дан шығуға құқылы болғанымен, іс жүзінде оның құрамында болды. Тағы бір туындайтын сұрақ Республика күнінің ұлттық, ал 16 желтоқсан тәуелсіздік күні – мемлекеттік мереке болып белгіленді. Бір айырмашылығы, ұлттық мерекеде мемлекеттік органдар міндетті түрде іс-шаралар ұйымдастырады, бұл ерекше тарихи маңызы бар және мемлекеттіліктің дамуына елеулі әсер еткен оқиғалар қатарына жатады.

– Биылдан бастап 25 қазан – Республика күні ұлттық мереке болып белгіленді. 13 жылдан кейін мәртебесі қайта оралған мерекенің маңызы туралы айтсақ...
– Бұл құжат қазақ еліне саяси-тарихи маңызы бар өзгеріс алып келді. 1990 жылдың 25-інші қазаны Қаз КСР-нің егемендігі туралы декларациясы қабылданды. Құжат қабылданған күннен бастап ел өмірінде үлкен өзгеріс басталды. Бұл декларацияда ел аумағының тұтастығы, оған қол сұғылмайтындығы, қазақ халқының және Қазақстандағы басқа да этнос өкілдерінің мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі ретінде айтылды. Конституциялық құрылысқа қарсы жасалатын кез келген күштеу әрекеттері, оның аумағының тұтастығын бұзуға шақыратын, ұлт араздығын тудыратын жария ұрандардың заң бойынша жазаланатынын ескертті. Республиканың саяси-экономикалық, әлеуметтік, ұлттық-мәдени құрылысына, оның әкімшілік-аумақтық құрылысына байланысты ешкімнің араласуысыз дербес шешілетіні де осы құжатқа көрсетілді. Декларациядағы бағдарлама негізінде 1991 жылғы 16 желтоқсанда елімізде мемлекеттің тәуелсіздігі туралы конституциялық заң қабылданды. Бұл декларацияда Қазақстан мемлекетінің егемендігін дәлелдейтін мемлекет аумағы, азаматтығы, халықаралық қатынастардағы дербестігі бекітілді. Бір сөзбен айтқанда, декларацияның қабылдануы елге жаңалық алып келді. Еліміздің қоғамдық-саяси құрылымына өзгерістер енді. Әлем картасында тәуелсіз Қазақстан Республикасы ретінде дүниежүзіне танылуы алғашқы қадам жасалды. Бүгінде әлем таныған тәуелсіз қазақ елінің кең байтақ жерінде 130-дан астам ұлт тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Республика күні 2009 жылға дейін күнтізбеде мереке ретінде белгіленіп, тарихи маңызы бар күн ретінде ерекше аталып келді. Кейін мерекелер қатарынан алынып тасталды. Осы орайда мереке қатарынан неге алып тасталды деген сұрақ туындайтын заңды. Ғалымдардың, сарапшылардың пікірінше, егемендік туралы декларацияда Қазақстанның емес, Қазақ КСР-нің егемендігі жарияланған. Декларацияға сәйкес, адамдарда КСРО азаматтығын сақтап қалу құқығы болды. Сонымен қатар Қазақстанның халықаралық дербестігіне кепілдік бере алмады. Мемлекет КСРО-дан шығуға құқылы болғанымен, іс жүзінде оның құрамында болды. Тағы бір туындайтын сұрақ Республика күнінің ұлттық, ал 16 желтоқсан тәуелсіздік күні – мемлекеттік мереке болып белгіленді. Бір айырмашылығы, ұлттық мерекеде мемлекеттік органдар міндетті түрде іс-шаралар ұйымдастырады, бұл ерекше тарихи маңызы бар және мемлекеттіліктің дамуына елеулі әсер еткен оқиғалар қатарына жатады.

– Биылдан бастап 25 қазан – Республика күні ұлттық мереке болып белгіленді. 13 жылдан кейін мәртебесі қайта оралған мерекенің маңызы туралы айтсақ...
– Бұл құжат қазақ еліне саяси-тарихи маңызы бар өзгеріс алып келді. 1990 жылдың 25-інші қазаны Қаз КСР-нің егемендігі туралы декларациясы қабылданды. Құжат қабылданған күннен бастап ел өмірінде үлкен өзгеріс басталды. Бұл декларацияда ел аумағының тұтастығы, оған қол сұғылмайтындығы, қазақ халқының және Қазақстандағы басқа да этнос өкілдерінің мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі ретінде айтылды. Конституциялық құрылысқа қарсы жасалатын кез келген күштеу әрекеттері, оның аумағының тұтастығын бұзуға шақыратын, ұлт араздығын тудыратын жария ұрандардың заң бойынша жазаланатынын ескертті. Республиканың саяси-экономикалық, әлеуметтік, ұлттық-мәдени құрылысына, оның әкімшілік-аумақтық құрылысына байланысты ешкімнің араласуысыз дербес шешілетіні де осы құжатқа көрсетілді. Декларациядағы бағдарлама негізінде 1991 жылғы 16 желтоқсанда елімізде мемлекеттің тәуелсіздігі туралы конституциялық заң қабылданды. Бұл декларацияда Қазақстан мемлекетінің егемендігін дәлелдейтін мемлекет аумағы, азаматтығы, халықаралық қатынастардағы дербестігі бекітілді. Бір сөзбен айтқанда, декларацияның қабылдануы елге жаңалық алып келді. Еліміздің қоғамдық-саяси құрылымына өзгерістер енді. Әлем картасында тәуелсіз Қазақстан Республикасы ретінде дүниежүзіне танылуы алғашқы қадам жасалды. Бүгінде әлем таныған тәуелсіз қазақ елінің кең байтақ жерінде 130-дан астам ұлт тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Республика күні 2009 жылға дейін күнтізбеде мереке ретінде белгіленіп, тарихи маңызы бар күн ретінде ерекше аталып келді. Кейін мерекелер қатарынан алынып тасталды. Осы орайда мереке қатарынан неге алып тасталды деген сұрақ туындайтын заңды. Ғалымдардың, сарапшылардың пікірінше, егемендік туралы декларацияда Қазақстанның емес, Қазақ КСР-нің егемендігі жарияланған. Декларацияға сәйкес, адамдарда КСРО азаматтығын сақтап қалу құқығы болды. Сонымен қатар Қазақстанның халықаралық дербестігіне кепілдік бере алмады. Мемлекет КСРО-дан шығуға құқылы болғанымен, іс жүзінде оның құрамында болды. Тағы бір туындайтын сұрақ Республика күнінің ұлттық, ал 16 желтоқсан тәуелсіздік күні – мемлекеттік мереке болып белгіленді. Бір айырмашылығы, ұлттық мерекеде мемлекеттік органдар міндетті түрде іс-шаралар ұйымдастырады, бұл ерекше тарихи маңызы бар және мемлекеттіліктің дамуына елеулі әсер еткен оқиғалар қатарына жатады.

«Не деген бақытты едің, Келер ұрпақ!» деп ақын Қасым Аманжолов жырлағандай, егемендік жас буынға сапалы білім алуға, жақсы өмір сүруге, ілім-білім, өнер үйренуге үлкен мүмкіндік жасалды. Ең бастысы, жастар егемендіктің қадірін ұғынса дейміз. Мереке күні түрлі мән іс-шаралар жас ұрпақты патриот болуға жетелейді деген үміттемін.

– Екінші республика ұғымы қолданылып жүр. Бұл тәуелсіз Қазақстан тарихындағы тағы бір жана белес болар...

– Екінші республика ұғымы өркеннетті елдер тарихында кездеседі. Бұл мемлекеттің жанаруын, ел болашағы үшін реформалардың қажеттігін, уақыт талабына сай, жаһандық өзгерістерге жауап беретіндей бәсекеге қабілетті ел болуы үшін қандай өзгерістерге ұмтылуымыз керек екенін білдіреді. Бұл бір күнде бола салатын өзгеріс емес. Бүгінде еліміз үлкен өзгерістерді бастан кешуде. Мәселен, референдум өтіп Ата заңымызға өзгерістер енді, мемлекеттік басқару жүйесі жанаруда. «Суперпрезиденттік билік» арлыу, халық үнін естітін мемлекетке айналуда жана Қазақстанның бір ұстанымы. Сондықтан бұл өзгерістер мен саяси реформалар ел тәуелсіздігін нығайта түсетіні анық.

– Өңіміңізге рахмет.

Сұхбаттасқан Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

ЖАНДАНҒАН МЕРЕКЕДЕ ЖАҢАРҒАН ҚЫЗЫЛОРДА

Мерекеге орай облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бір мезетте бірнеше әлеуметтік нысанның ашылуына қатысты.

Барша жерлестерімді қайта оралған ұлттық мереке – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Араға 13 жыл салып, Президент Жарлығымен Республика күні Ұлттық мереке болып халықпен қайта қауышты. Бұл тарихи мәні жоғары, идеологиялық салмағы ерекше айтулы күн еліміздің бүгінгі мен ертеңіне адал қызмет ететін, ерен істер мен елеулі бастамаларды жалғастыратын барша азамат үшін маңызды, – деді Нұрлыбек Машбекұлы өз құттықтау сөзінде.

Мереке аясында аймақ басшысының бастамасымен, демеушілердің қолдауымен құны 1,6 млрд теңгені құрайтын 80 спорт ойын алаңы бір мезетте тарту етілді. «Балалар жылына» орай жасалған бұл істің нәтижесінде қала және аудандарда ойын алаңдары бой көтерді. Сонымен қатар меншіктің қаржысы есебінен Жанакорған ауданында құны 790 млн теңгені құрайтын заманауи демалыс паркі ашылса, Сырдария ауданы Нағи Лиясов атындағы 350 млн теңгеге «Еібекшілер аллеясы» бой көтерді.

Өңірде білім саласының дамуына тілеулес меценат азаматтардың мектеп, балабақша ашу ісіне ынтасы жоғары. Бұған 300 орындық жаңа балабақшаның ашылуы дәлел бола алады. Жеке кәсіпкердің бастамасымен ашылған балабақша шаһардың ең ірі және шеткі аумағында орналасқан. Жыл соңына дейін тағы 2 мемлекеттік балабақша пайдалануға берілмек.

Мерейлі мерекеде қоғамдық көліктер қатары жаңа автобуспен толықты. Бұған дейін Қызылорда автобус паркіне «Өнеркәсіпті дамыту қоры» акционерлік қоғамы арқылы жаңадан лицензияға 150 автобус алуға 1,43 млрд теңге қаржы бөлінген. Соның аясында қыркүйекте 21 жаңа автобус алынды. Ал қараша айында автобустардың қалғаны келді. Жаңа автобустар бүгінде қоғам игілігіне қызмет етуді бастап кетті.

Биыл өңірде 4 жаңа білім ошағы ашылды. Жыл соңына дейін тағы 8 мектеп пайдалануға берілмек. Апатты деп танылған Тоқабай ауылындағы мектеп жеке инвестор есебінен 500 млн теңге қаржыға салынды. Оқушыларды тасымалдау үшін осы жылында мектептерге 30 автобус берілмек.



Облыста түрік компанияларымен бірлескен ынтымақтастық жаңа деңгейге көтерілді. Биыл қала аумағын жылу, жарықпен толық қамтамасыз ететін, қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жылу-электр орталығының іргетасы қаланды. Құны 215 млрд теңгеден асатын жоба 2025 жылы аяқталды деп жоспарланған. Тағы бір түрік компаниясымен жылына 24 мың тонна қызанақ пастасын шығаратын зауыт салу туралы келіссөздер жүргізілуде.

Аймақ орталығында бүгінде жаңа Неке сарайы, 1000 орындық Өнер орталығы, сол жағалаудан қан орталығының құрылысы жүруде. Сондай-ақ белгілі кәсіпкер, меценат Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен құрылысы басталған құны 1,5 млрд теңгені құрайтын «Анаға тағзым» орталығы шаһардың ажарын аша түспек.

Аймақта салынған шыны зауытының күйдіру пеші қажетті температурасына жетіп, қазанның 9-ы алғашқы сынама шыны өндірілді. Зауыт айналасынан 8 ілеспе өндіріс дамиды деп жоспарланған. Енді зауытта шыны-талшықты, композиттік материалдар және басқа да өнімдер шығарыла бастайды.

Қаланың негізгі қақпасы әуежай да қайта жаңарады. Болат Өтемұратовтың тікелей қолдауымен құны 12 млрд теңге болатын «Қорқыт ата» әуежай-

ның жаңа терминалы салынууда. Қазірдің өзінде өзге де демеушілермен 100 млн теңгеге бұрынғы терминалдың ішкі және сыртқы орлеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайы» да бой көтереді.

Алдағы 3 жылда аймақта «Жайлы мектеп» жобасы аясында құны 70 млрд теңгеге 15 мемлекеттік мектептің құрылысын салу жоспарға енген. Оның ішінде 19,6 млрд теңгеге 2023 жылы 9 білім ошағының құрылысы басталады.

Денсаулық сақтау саласында 2 жыл ішінде 27 нысан халық игілігіне берілмек. Орталық атқарушы органдармен бірге жасалған орнықты жұмыстардың нәтижесінде Қызылорда қаласында көпсалалы аурухана мен емхана тұрғындардың игілігіне қызмет ететін болады.

Қайта жанданған мереке аясында аймақ осы және өзге де әлеуметтік маңызы зор жаңа нысандармен толықты. Өңірдің өркендеуіне үлес қосатын жұмыстардың аз еместігіне де көз жеткізілді. Жүйелі жұмыстар жанданып, аймақтың алға басқан қадамы адымды. Әлеуметтің әлеуетін арттыратын жұмыс легі көбейетініне де сенім мол.

А.БІРКЕНОВ

ЗАРИНА – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ!

Арменияда самбодан кіші жасөспірімдер, жасөспірімдер және жастар арасында Әлем чемпионаты өтті. Еревандағы сайысқа Сыр өңірінен 8 спортшы қатысып, 6 палуан боз кілемдегі бәсекені жеңімпазы атанды. Оның ішінде Зарина Мұрадасыл кіші жасөспірімдер арасында әлем чемпионы атаған жейін алды.

Сондай-ақ кіші жасөспірімдер арасында сынға түскен Шейхрахман Бауыржанұлы II орынды жеңіп алса, Нұрай Бақыт, Бейбарыс Сұлтан мен Діназ Жанабил чемпионатта қола медальды еншіледі. Сонымен қатар Шынар Абатова жастар арасында жарыстың қола жүлде иегері атанды.

Сыр елінің самбошыларының жарысқа дайындығы, шаршы алаңдағы өнері мен алдағы жоспары туралы Самбо күресінен Қызылорда облысының жасөспірімдер құрама командасының аға жаттықтырушысы Дархан Сержановтан сұраған едік.

– Әлем чемпионаты болған соң барлығы үлкен дайындықпен, арнайы іріктеуден өтіп келеді. Сол себепті жарыс қызықты әрі тартысқа толы деңгейде өтті. Міне, осы байрақты бәсекеге Сыр елінен барған 8 спортшымыздың 6-уы жеңісті нәтиже көрсетті. Бұл, әрине, спортшылардың еселі еңбегі, жеке жаттықтырушыларымен жеткен жетістігі. Сондықтан облыс спортшыларын жарысқа дайындаған әр жаттықтырушыға айтар алғысымыз шексіз. Биылғы жыл самбошыларымыз үшін осы әлем чемпионатымен қорытындыланды. Енді әлем мен азия чемпионаттарына іріктеу өтетін 2023 жылғы Қазақстан Республикасының чемпионаттарына дайындықты бастаймыз, – деді аға жаттықтырушы.

Жаттықтырушы әлем чемпионатында Зарина Мұрадасыл алтын медальды жеңіп алған сәттегі әсері туралы да бөлісті: «Расында, Зарина әлем чемпионы атанғанын хабарлаған кезде іштей қуаныш, мақтанш сезімі кернеді. Жасөспірімдер арасындағы аға жаттықтырушы болып тұрған тұсында облыстанан әлем чемпионы шығуына үлес қосқанымға қатты



қуандым. Себебі Қызылордадан әлем чемпионы шықса деп армандаушы едім. Міне, сол арманым осы әлем чемпионатында орындалды. 2006 жылы жастар арасында әлем чемпионы атанған менің артыма енді Заринадай чемпионымыз еріп келеді және келесі чемпионатта Сыр елінен тағы бірнеше әлем чемпионы шығатынына сенім мол. Тағы айта кетерлігі, Зарина әлем чемпионы атанған кезде көз жасына ерік беріп, бізге қарап тұрған. Іштей толқып тұрғанымызбен біз оған қолдау көрсетіп, құттықтап жаттық. Жалпы, бұл жеңістің Сыр елі ғана емес Қазақстанның самбо тарихында алатын орны ерекше. Себебі кіші жасөспірімдер арасында өтіп жатқан бұл бесінші әлем чемпионаты. Міне, осы жарыста Қазақстаннан шыққан алғашқы әлем чемпионы Зарина атанды және әзірге ол кіші жасөспірімдер арасындағы Қазақстандағы жалғыз әлем чемпионы», – деді Дархан Сержанов.

Бахрейндегі Манамда өткен Азия чемпионатында Қызылорда облысының спортшысы Айзада Мүптілда «Азия чемпионы» атанды. Зілтеміршіден сынға түскен аруымыз алдына жап салмай, жарысты жеңіспен аяқтады.

ЗІЛТЕМІРШІ АРУЫМЫЗДЫҢ АЛТЫНЫ



87 келден жоғары салмақта сынға түскен зілтеміршіміз Айзада Мүптілда қоссайыста 277 келіні, яғни жүлдік көтеруде 120 және серпе көтеруде 157 келіні бағындырды. Осылайша Айзада Алтын медаль мен «Азия чемпионы» атағын жеңіп алды.

– Жоғары деңгейде өткен чемпионатта кіл мықты қарсыластар сынға түсті. Жарыс барысында жаракатымың аздап мазалағаны болмаса, бар күшімді салып, жеңіске жету үшін қолымнан келгенін барлығын жасадым. Ата-анамның

қолдауының, бапкерлерімнің дайындығының нәтижесінде алтын медаль иегері атандым. Сол үшін оларға шексіз алғыс айтамын. Ендігі мақсат – Олимпиадаға жолдама алу, – деді Айзада Мүптілда.

Қазіргі кезде спортшымыз Әлем чемпионатына дайындықты бастап кеткен. Айзада лицензиялық жарыстарда үздік үштіктің қатарына еніп, олимпиадада өнер көрсету үшін үздіксіз жаттығу үстінде.

Сыр елінің спортшысы мен жаттықтырушыларын жеңіспен біз де шын жүректен құттықтаймыз!

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



Қызылордадағы «Евразия» спорт кешенінде Қармақшы ауданының құрметті азаматы Болатбек Сүлейменовті еске алуға арналған дзюдодан 2003-2005 жылы туған жастар арасындағы XXI халықаралық турнир өтті. Сайысқа 17 облыстан және Өзбекстан, Қырғызстан елдерінен 400-ден аса жас палуан қатысты.

Екі күнге созылған турнир нәтижесінде Сыр спортшылары қоржына 2 алтын, 5 күміс, 7 қола медаль салды. Атап айтсақ, Құндыз Жылқыбай мен Дина Мұханбет I орын иеленді. Ал Самал Мәлікқызы, Ақтоты Зәріп, Ақбар Алтай, Ендік Руслан мен Әсем Аманбек

Аслан НУРАЗҒАЛИ

Газетіміздің келесі саны 27 қазан, бейсенбі күні шығады.

Басы 1-бетте

ТАРИХТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов Республика күнін ұлттық мереке ретінде атап өтудің айрықша мәнге ие екенін айтып, атаулы күннің жалпы тарихына тоқталды.

– Ұлттық бостандығымызға бастау болған Республика күні 2009 жылдан бастап мемлекеттік тізімнен алыншып тасталғанын біз білеміз. Араға 13 жыл салып, Республика күні – ұлттық мереке болып халықмызға қайта оралды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіз ел болу – оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес – күнделікті еңбек пен үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасуды» деген сөзінің өзектілігі күн санап артауда. Ұлттық мереке ең алдымен біздің ортақ тарихымызға, ұлы дала елінің ұлағатты өткеніне тағзым болса, болашағы біртұтас ұлттың ертеңіне деген нық сенім, – деді облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов.

Басқарма төрағасы-ректор Бейбіткүл Қорымова халықаралық конференцияның маңыздылығына тоқталды.

– Мемлекеттің егемендігі жарияланған декларацияда Қазақстанның тәуелсіз ел ретіндегі саяси нәтижелері бекітілді. Осы декларацияның арқасында біз кеңестік заңдарды қолданудан бас тартып, өз Ата заңымызды құруға қадам бастық. Қысқа уақыт ішінде егемен еліміз – қазақ халқының бейбіт ұстанымы мен толеранттылығы, табиғи ресурстарға бай еліміздің инвестициялық тартымдылығы сынды факторлардың арқасында өркеніп өрісінен көрінді. Қазіргі күні Қазақстанның жазаған жетістіктерін дүниежүзілік қауымдастық мойындап отыр. Ел ішіндегі ауызбіршілік пен түсіністік, дербес ел болуға деген халқымыздың құлшынысы бізді осындай биіктікке жеткізді, – деді Бейбіткүл Соресманқызы.

Конференция барысында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы Баймырза Қожамғаралиев «Тәуелсіздік – баянды тұғырымыз» тақырыбында баяндама жасады.

– Қазақ халқының болмысында айрықша орын алатын ұғым бар. Ол – Тәуелсіздік ұғымы. Сан ұрпақ аңсаған Тәуелсіздік адамзат баласының болмысында ерекше орын алатын қасиетті, қадірлі ұғым. Тәуелсіздік жылдарында мемлекеттімізді қалыптастырдық. Әлемдік қауымдастық мойындаған елдердің біріне айналдық. Қазақ халқы қай заманда, қандай жағдайда болсын өз болмысының азаттығын өз өмірінен артық қойған халық. Сондықтан қазақ елінің танымдық түсінігі еркін азаттық, тәуелсіздік ұғымдарымен астасып жатады. Себебі қазақ халқы өз ұлтын, өз жерін қасиетті санаған. Тәуелсіздік ұрпақтан-ұрпаққа

қорлатпайды, өздері де қорланбайды, қорғайды. Сондықтан да біз қазақ халқының рухы биік, мықты болып әлемдік кеңістікте өз орын алатынына сенеміз. Тәуелсіздігіміздің тұғыры баянды болмай, – деді ол баяндамасында.

Сонымен қатар конференцияда Түркия Республикасы, Кония қаласынан онлайн байланысқа шыққан Селчук университетінің қауымдастырылған профессоры, ғылым докторы (PhD) Шағатай Бенхур «Қазақстан Тәуелсіздігінің жариялануы туралы Түркияның мерзімді басылымдарында берілуі», Л.Н.Гумилев

атындағы Евразия ұлттық университеті Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі, саяси ғылымдарының докторы, профессор Наталья Калашникова «Қазақстандағы этноаралық қатынастардың қазіргі трендтері» және Германия, Тюбинген қаласынан Эберхард және Карл атындағы Тюбинген университетінің профессоры, археология докторы Генрих Харке «Тәуелсіздік жылдарындағы Арал өңірі археологиясының дамуы» тақырыптарында баяндама жасады.

Шара барысында ғылыми инновация бойынша университеттің жетістіктері мен жобаларын таныстырды. Сондай-ақ «Қазақстан – Тәуелсіз ел» кітап көрмесі қойылды.

Халықаралық конференция салтанатты жынға жалғасты. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұйымдастырған эссе және диалог байқауының жеңімпаздары марапатталды. Мәселен, «Менің арманымдағы Қазақстан» эссе конкурсына университеттің 235 студенті қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қатысқан. Байқау жүлдіктеріне арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталды. Ал «Атамекен» тақырыбында өткен университетішілік диктантқа жалпы саны 1210 студент қатысқан. Орфографиялық заңдылықтарды сақтап, көркем жазумен ерекшеленген 20 студент үздік деп танылып, университет ректорларының алғыс хаты мен естелік сыйлықтарына ие болды.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

БҰЛ КҮННІҢ МАҢЫЗЫ ҚАНДАЙ?

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде 25 қазан – Республика күнін мерекелеуге байланысты

«Жаңа Қазақстан: жанару мен жаңғыру жолы» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Маңызы жоғары тағылымды шараға «Қоғамдық келісім» КММ бөлім басшысы, философия докторы Дәулет Омаров, «Болашақ» университетінің аға оқытушысы Еркебұлан Елеуов, «Әлеуметтік-экономикалық пәндер» пәндік шырлық комиссияның оқытушылар құрамы және бөлім студенттері қатысты.

Кездесуді «Қоғамдық келісім» КММ бөлім басшысы, философия докторы Дәулет Омаров

ашып, қайта жаңғырған Республика күнімен құттықтады. «Егемендік – ел тұғыры» тақырыбында білім алушыларға баяндама оқып, тәуелсіз мемлекетіміздің бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері жөнінде ойыммен бөлісті. Сонымен қатар «Болашақ» университетінің аға оқытушысы Еркебұлан Елеуов республика күнін мемлекеттік мереке мәртебесіне қайтаруды «маңызды және тарихи шешім» екенін атап, еліміздің жарқын болашағы жас ұрпақты жан-жақты білім алуға шақырды.

– 25 қазан республика күні болып кездейсоқ таңдалған жоқ. 1990 жылдың дәл осы күні Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды.

Декларацияда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының егемендігі жарияланып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері жарияланды.

Мемлекет басшысы Ұлытауда өткен құрылтайда арнайы тоқталып, қайтадан атаулы күндердің бірі ретінде бекітуді ұсынған болатын. Мереке тарихы алғаш рет 1995 жылы қазанда жарияланды. Бұл күннің егемен еліміздің мерекесі болып ұлт тарихында жазылып қалуы заңдылық, – деді «Қоғамдық келісім» КММ бөлім басшысы, философия докторы Дәулет Омаров.

Жыын қорытындысында жастарды ұлт болмысының жаңа қағидаттарын орнықтыру жолында бірлікте болуға үндеп, «Жаңа Қазақстан» дамуы жолында жұмыла жұмыс жасауға шақырды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4, Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдан 16 сәуірде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардың нұсқалары редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АSІ» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3737 Тапсырыс №
Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА